

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қаңтардағы N 34 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 6 маусым N 714. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.09.19. N 1149 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Зейнетақы мен жәрдемақы төлеуді жақсарту жөніндегі шаралар туралы"

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қаңтардағы N 34 р940034_ қаулысының /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 1, 16-бап/ мынадай өзгертулер енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1996 жылғы 1 маусымнан бастап зейнетақы мен жәрдемақыны жеткізу мен төлеу бойынша көрсетілетін қызметтің бірыңғай тарифі төленген зейнетақы мен жәрдемақының жалпы сомасының 1,8 проценті мөлшерінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат

жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жанындағы Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнымен және Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп зейнетақы мен жәрдемақыны жеткізу және төлеу бойынша көрсетілетін қызмет төлемінің мөлшерін реттеп отыру құқығы берілсін".

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары